

Көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын рұқсат беру құжаттары түрлерінің сыныптауышы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 233 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 4 және 7 тармақтарына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы №155 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы ережені басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын рұқсат беру құжаттары түрлерінің сыныптауышы (бұдан әрі - сыныптауыш) бекітілсін.

2. Сыныптауыш Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына енгізілсін.

3. Мынадай:

Сыныптауыш осы Шешім күшіне енген күннен бастап қолданылады;

Сыныптауышқа қатысты оператордың функцияларын Еуразиялық экономикалық комиссия орындайды;

Сыныптауыштың кодтық белгіленімдерін пайдалану Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде "Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасында көліктік (автомобильдік) бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру кезінде міндетті болып табылады деп белгіленсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 233 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын рұқсат беру құжаттары түрлерінің сыныптауышы

I. Сыныптауыштың ізеуірттелген мәліметтері

Рұқсат беру құжаттары түрлері санатының коды	Рұқсат беру құжаты түрінің коды	Кодтық мәnniң сипаттамасы	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекетте рұқсат беру құжатын пайдалану белгісі
0100	Жүктерді тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттар		
	0101	қауіпті жүктерді тасымалдауға арнайы рұқсат	AM, BY, KG, RU
	0102	1, 6 және 7-сыныпты қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат	KZ
	0104	ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді тасымалдауға арнайы рұқсат	BY, KZ
	0105	арнайы немесе бөлінбейтін жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат	KG
	0107	жүкпен (немесе жүксіз) халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты көлік құралының бір рет жүріп өтуіне арнайы рұқсат	RU
	0108	жүкпен (немесе жүксіз) халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты көлік құралының бірнеше жол жүруіне (10-нан көп емес) арнайы рұқсат	RU
0200	Жүктерді тасымалдауға рұқсат		
	0201	жүктерді тасымалдауға бірыңғай (әмбебап) рұқсат	AM
	0202	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағы арқылы транзиттік өтуге рұқсат	AM, BY, KG, KZ, RU
	0203	тасымалдауға (жол жүруге) арналған екі жақты рұқсат	AM, BY, KG, KZ, RU

	0204	үшінші елдерге (елдерден) тасымалдауға (жол жүруге) арналған рұқсат	AM, BY, KG, KZ, RU
	0205	аралас қатынаста жүктерді тасымалдауға арналған рұқсат	RU
	0206	жүктерді тасымалдауға шетелдік рұқсаттар	KZ
	0207	жүктерді тасымалдауға көп реттік рұқсат	RU
	0299	халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдауға арналған өзге де рұқсаттар	AM, BY, KG, KZ, RU
0300	Көлік министрлерінің Еуропалық конференциясының рұқсаты		
	0301	көлік министрлерінің Еуропалық конференциясының жылдық рұқсаты	AM, BY, RU
	0302	көлік министрлерінің Еуропалық конференциясының қысқа мерзімді рұқсаты	AM, BY, RU
	0303	көлік министрлерінің Еуропалық конференциясының қоныс аударушыларды халықаралық тасымалдауға рұқсаты	AM, BY, RU
0400	Жолаушыларды тасымалдауға рұқсат		
	0401	жолаушыларды халықаралық тұрақты тасымалдауға рұқсат	AM, BY, KG, KZ, RU
	0402	жолаушыларды халықаралық тұрақты емес тасымалдауға рұқсат	BY, KZ
	0403	екі жақты қатынаста жолаушыларды тұрақты емес тасымалдауға рұқсат	RU, KG
	0404	транзиттік қатынаста жолаушыларды тұрақты емес тасымалдауға рұқсат	RU
	0405	жолаушыларды үшінші елдерге (елдерден) тұрақты емес тасымалдау үшін рұқсат	RU

	0406	күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушыларды және багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттар	KZ
	0499	халықаралық қатынаста жолаушыларды тасымалдауға арналған өзге де рұқсаттар	AM, BY, KG, KZ, RU
0900	Тасымалдауға (сапарлауға) арналған өзге де рұқсаттар)		
	0901	халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігі	BY, KZ
	0904	автокөлік құралына рұқсат карточкалары	KZ, RU
	0999	басқа	AM, BY, KG, KZ, RU

II. Сыныптауыштың паспорты

р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Коды	2063
2	Тип Түрі	2 - сыныптауыш
3	Атауы	көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын рұқсат беру құжаттары түрлерінің сыныптауышы
4	Аббревиатурасы	КБРҚТС
5	Белгіленім	ЕК 063-2019 (ред. 1)
6	Анықтамалықты (сыныптауышты) қабылдау (бекіту) туралы актінің деректемелері	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 233 шешімі
7	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолданысқа енгізу (қолдануды бастау) күні	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 233 шешімі күшіне енген күннен бастап
8	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолдануды тоқтату туралы актінің деректемелері	-
9	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолданудың аяқталу күні	-
10	Оператор (операторлар)	Еуразиялық экономикалық комиссия
		халықаралық автомобиль қатынасында жол жүруді және (

11	Белгіленімі	немесе) жүктерді (жолаушыларды) тасымалдауды жүзеге асыру құқығына рұқсат беру құжаттарының түрлерін сыныптауға және кодтауға арналған
12	Аннотация (қолдану саласы)	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасында көліктік (автомобильдік) бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында, Еуразиялық экономикалық комиссия және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында, Еуразиялық экономикалық комиссия және халықаралық интеграциялық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдар арасында, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары әрі заңды және жеке тұлғалар арасында ақпарат алмасуды жүзеге асыру кезінде пайдаланылады
13	Түйін сөздер	рұқсат, жүк тасымалдау, жолаушыларды тасымалдау, жол жүру, құжат, құжат түрі
14	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының өкілеттіктері іске асырылатын сала	көлік және тасымал
15	Халықаралық (мемлекетаралық, аймақтық) сыныптауды пайдалану	2-сыныптауыштың халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) аналогтары жоқ
		1 - сыныптауыштың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде аналогтары бар: Беларусь Республикасында – Кеден одағы елдерінің аумағы арқылы тасымалдауға (жол жүруге) рұқсаттар түрлерінің анықтамалығы, КМЕК берілген рұқсаттардың анықтамалығы, Беларусь Республикасының аумағы бойынша жолаушыларды автобустармен халықаралық тұрақты емес тасымалдауға берілген рұқсаттардың анықтамалығы, Беларусь Республикасының аумағы бойынша жолаушыларды автобустармен халықаралық

16	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік анықтамалықтарының (сыныптауыштарының) болуы	тұрақты тасымалдауға берілген рұқсаттардың анықтамалығы, (Беларусь Республикасының аумағы бойынша автомобиль көлігімен жүктерді халықаралық тасымалдауға берілген рұқсаттардың анықтамалығы; Қазақстан Республикасында – халықаралық қатынаста жүктерді (жолаушыларды) тасымалдауды жүзеге асыру құқығына Қазақстан Республикасының рұқсаттар түрлерінің анықтамалығы, Халықаралық қатынаста жүктерді (жолаушыларды) тасымалдауды жүзеге асыру құқығына Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының рұқсаттар түрлерінің анықтамалығы; Ресей Федерациясында – "Жол жүруге рұқсат түрлері" анықтамалығы
17	Жүйелеу (сыныптау) әдісі	2-иерархиялық, сатылар (деңгейлер) саны-2
18	Жүргізу әдістемесі	1-Орталықтандырылған жүргізу рәсімі. Сыныптауыштың мәндерін қосуды, өзгертуді немесе алып тастауды оператор Еуразиялық экономикалық комиссияның актісіне сәйкес орындайды. Оператор өзекті мәліметтерді Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпараты жүйесінің ресурстарына орналастыруды қамтамасыз етеді. Мән алып тасталған жағдайда сыныптауыш жазбасы сыныптауыш жазбасының қолданылуының аяқталуын регламенттейтін Еуразиялық экономикалық комиссияның актісі туралы мәліметтерді көрсете отырып, алып тасталған күннен бастап жарамсыз деп белгіленеді. Сыныптауыштың кодтары бірегей болып табылады, Сыныптауыштың кодтарын, соның ішінде қолданыста жоқ кодтарын қайта пайдалануға жол берілмейді.

19	Құрылымы	сыныптауыш құрылымының сипаттамасы (жолақтардың құрамы, олардың мәндерінің аясы және қалыптастыру қағидалары) осы сыныптауыштың III бөлімінде келтірілген
20	Деректердің құпиялылық дәрежесі	Сыныптауыштың мәліметтері ашық қол жеткізу ақпаратына жатады
21	Қайта қараудың белгіленген мерзімділігі	анықталмаған
22	Өзгерістер	-
23	Анықтамалықтың сыныптауыштың) ізеуірттелген мәліметтеріне сілтеме	(Сыныптауыштың ізеуірттелген мәліметтері осы сыныптауыштың I бөлімінде келтірілген
24	Анықтамалықтан сыныптауыштан) мәліметтерді ұсыну тәсілі	(Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында жариялау

III. Сыныптауыш құрылымының сипаттамасы

1. Осы бөлім сыныптауыштың құрылымы және деректемелік құрамын, соның ішінде деректемелер мәндерінің саласын және оларды қалыптастыру қағидаларын айқындайды.

2. Сыныптауыштың құрылымы және деректемелік құрамы мынадай жолдар (графалар) қалыптастырылатын кестеде келтірілген:

"деректеме мәнінің аясы" – элементтің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"деректеменің мәнін қалыптастыру қағидалары" – элементтің мақсатын нақтылайтын және оны қалыптастыру (толтыру) қағидаларын айқындайтын мәтін немесе элементтің ықтимал мәндерін ауызша сипаттау;

"көпт." – деректеменің көптігі (міндеттілік (опциондық) және деректеменің ықтимал қайталануының саны).

3. Берілетін деректер реквизиттерінің көптігін көрсету үшін мынадай белгілер пайдаланылады:

- 1 – деректеме міндетті, қайталауға жол берілмейді;
- n – деректеме міндетті, n рет қайталануға тиіс ($n > 1$);
- 1..* – деректеме міндетті, шектеусіз қайталануы мүмкін;
- n..* – деректеме міндетті, кемінде n рет қайталануға тиіс ($n > 1$);
- n..m – деректеме міндетті, кемінде n рет және m реттен артық емес қайталануға тиіс ($n > 1, m > 1$);
- 0..1 – деректеме опционалды, қайталауға жол берілмейді;
- 0..* – деректеме опционалды, шектеусіз қайталануы мүмкін;

0..m – деректеме опционалды, m реттен артық емес қайталануы мүмкін (m > 1).

Кесте

Сыныптауыштың құрылымы және деректемелік құрамы

Деректеменің атауы	Деректеме мәнінің аясы	Деректеме мәнін қалыптастыру қағидалары	Көпт.
1. Рұқсат беру құжаттары түрлерінің санаттары туралы мәліметтер	салынған деректемелердің мәндерінің саласымен анықталады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларында айқындалады	1..*
1.1. Рұқсат беру құжаттары түрлері санатының коды	шаблонға сәйкес таңбалар жолы: [0-9]{2}	кодтық белгіленім кодтаудың дәйекті әдісін қолдану арқылы қалыптасады	1
1.2. Кодтық мәнің сипаттамасы	таңбалар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең үлкен ұзындығы: 500	орыс тіліндегі мәтін түрінде қалыптастырылады	1
1.3. Рұқсат беру құжаттарының түрлері туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады	енгізілген деректемелерді қалыптастыру қағидаларында айқындалады	1..*
1.3.1.1. Рұқсат беру құжаты түрінің коды	шаблонға сәйкес таңбалар жолы: [0-9]{4}	кодтық белгіленім кодтаудың дәйекті әдісін пайдалана отырып қалыптастырылады, алғашқы екі символ рұқсат беру құжаттары түрлерінің санаты кодынан иелікке алынады	1
1.3.1.2. Кодтық мәнің сипаттамасы	таңбалар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең үлкен ұзындығы: 500	орыс тіліндегі мәтін түрінде қалыптастырылады	1
1.3.1.3. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекетте рұқсат беру құжатын пайдалану белгісі	шаблонға сәйкес таңбалар жолы: [A-Z]{2}	ISO 3166-1 стандартына сәйкес мүше мемлекеттің Alpha-2 әріптік коды	1..*
1.3.1.4. "Рұқсат беру құжаттарының түрлері туралы мәліметтер" сыныптауышының жазбасы туралы мәліметтер	енгізілген деректемелердің мәндерінің саласымен анықталады	енгізілген деректемелерді қалыптастыру қағидаларында айқындалады	1
1.3.1.4.1. Әрекеттің басталу күні		Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген әрекеттің	1

	MEMСТ ИСО 8601-2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күні	басталу күніне сәйкес келеді	
1.3.1.4.2. Әрекеттің басталуын реттейтін акті туралы мәліметтер	енгізілген деректемелердің мәндерінің салаларымен анықталады	енгізілген деректемелерді қалыптастыру қағидаларында айқындалады	1
1.3.1.4.2.1. Актінің түрі	қалыптанған таңбалар жолы. Үлгі: \d{5}	халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық актілері түрлерінің сыныптауышына сәйкес кодтық белгіленім	1
1.3.1.4.2.2. Актінің нөмірі	таңбалар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
1.3.1.4.2.3. Актінің күні	MEMСТ ИСО 8601-2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматындағы күні	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісін қабылдау күніне сәйкес келеді	1
1.3.1.4.3. Әрекеттің аяқталу күні	MemCT ИСО 8601-2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматындағы күні	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген әрекеттің аяқталу күніне сәйкес келеді	0..1
1.3.1.4.4. Әрекеттің аяқталуын регламенттейтін акті туралы мәліметтер	енгізілген деректемелердің мәндерінің саласымен анықталады	енгізілген деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады.	0..1
1.3.1.4.4.1. Актінің түрі	Қалпына келтірілген нышандар жолы. Үлгі: \d{5}	халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық актілері түрлерінің сыныптауышына сәйкес кодтық белгіленімі	1
1.3.1.4.4.2. Актінің нөмірі	таңбалар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең үлкен ұзындығы: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
1.3.1.4.4.3. Актінің күні	MEMСТ ИСО 8601-2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматындағы күні	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісін қабылдау күніне сәйкес келеді	1